**Арыс қаласының «Ақаба-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы анықтамасы.**

Арыс қаласы

29.09.2026 ж.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын бөлімшенің атауы; Арыс қаласының «Ақаба-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесі.**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын бөлімшенің мекен жайы;** Арыс қаласы, Абдразақов көшесі №46 үй, 18 пәтер телефон нөмірі 8-72540-5-38-14

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 8-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты:**

1) Мекеменің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізетін құрылымдық бөлімше, лауазымды тұлға (лауазымды тұлғалар) немесе жұмыс тобының құрамы :**

Мекеме директоры Н.Ақбаев
«Ақаба-Сервис» ЖШС-гінің инженері А.Мирабдулла
«Ақаба-Сервис» ЖШС-гінің есепшісі Қ.Молдабаева
«Ақаба-Сервис» ЖШС іс жүргізуші маманы Әлімхан Г.С.
«Ақаба-Сервис» ЖШС аға шебері Елеусизов А.Е.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу кезеңі:**
2025 ж. – 28.09.2026 ж. аралығы.

**1. Мекеменің Ережесі:**

Арыс қаласының «Ақаба-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Арыс қаласы әкімдігінің қаулыларына, Арыс қаласы әкімінің шешімдері мен өкімдеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ мекемеменің ережелеріне *(Арыс қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 15 маусымдағы №312 қаулысымен бекітілген «Ақаба-Сервис» ЖШС туралы жарғы)* және т.б. сәйкес жүзеге асырады.

**2. Персоналды басқару:**

**Конкурстық іріктеуді өткізбей лауазымға тағайындау:** Бейінді кәсіптік білімі бар, сала бойынша бес және одан да көп жыл білімі, іскерлігі мен дағдысы, практикалық тәжірибесі бар және еңбек өтілі болмаған мамандарды іс-тәжірибеден (стажировка) өткізіп, өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттерді сапалы және толық көлемде орындайтын адамдар комиссияның ұсынымы бойынша тиісті лауазымдарға, сондай-ақ арнайы даярлығы және жұмыс өтілі бар адамдар және жас мамандар тағайындалады.

Жұмысқа қабылдау туралы бұйрық бойынша ескерту жасалынды, бұйрықта көрсетілген заң баптарының толық тармақшаларымен көрсету ұсынылды.

**Қызметкерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей лауазымына көтеру, өзге де лауазымдарға ауыстыру:** Қызметкерлердің лауазымын көтеру, өзге де лауазымдарға ауыстыру бойынша мекеме директорынан басқаларына конкурстық іріктеу жүргізілмейді.

**Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы:** Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы бойынша көтермелеулер, яғни марапаттау әр сала маманының (шеберінің) ұсынысымен беріледі, сыйақы беру Ішкі талдау жүргізу кезеңі аралығында болмаған.

**Алынбаған тәртіптік жазалар болған кезде қызметкерлерді көтермелеу:** Алынбаған тәртіптік жазалар болған кезде қызметкерлерді көтермелеу болған емес.

**Мерзімінен бұрын алынған тәртіптік жазалардың үлес салмағы:** Ішкі талдау жүргізу кезеңі аралығында тәртіптік жазасы мерзімінен бұрын жойылған қызметкерлер болмаған.

**Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, қызметкерлерді талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша көтермелеу:** Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, қызметкерлерді талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша көтермелеу болған жоқ.

**Тәртіптік жазаларды тым қысқа мерзімдеу алып тастау:** Ішкі талдау жүргізу кезеңі аралығында тәртіптік жазалар тым қысқа мерзімде жойылған қызметкерлер жоқтығы анықталды.

**Заңнаманы бұзған немесе оған жол берген, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзған немесе шектеген адамдарға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау және т.б.** Заңнаманы бұзған немесе оған жол берген, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзған немесе шектеген адамдарға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбаған жағдай орын алған жоқ.

**Қорытынды:** Мемлекеттік қызметке *(жұмысқа)* орналасқанда және жоғарылаған кезде заңда көзделмеген артықшылықтарды беру мүмкіндігі анықталмады.

Жекелеген қызметшілерге *(қызметкерлерге)*, оның ішінде тәртіптік жауапкершілікке тарту, сыйлықақы беру және үстемеақы белгілеу кезінде ерекше көзқарас білдіру мүмкіндіктері жоқ.

Басшының жұмысқа қабылданған қызметшілерге қамқорлық білдіру деректері жоқ.

**3. Мүдделер қақтығысын реттеу:**

- мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі рәсімдерді реттейтін құжаты бар;
- мүдделер қақтығысын мониторингтеу және реттеу жөніндегі функциялар «Ақаба-Сервис» ЖШС кеңесшісі Еркин Ускенович Сарбасовқа жүктелген;
- мүдделер қақтығысының мониторингі және оны реттеу бойынша шаралар анықталмады;
- бір жағынан әкімшілік регламенттер, лауазымдық нұсқаулықтар және екінші жағынан жоспарлы көрсеткіштер арасында қайшылықтардың болғаны анықталмады;
- реттеуші және бақылау функциялары арасындағы қайшылықтардың болғаны анықталмады;
- мекеме қызметкерлерінің лауазымдық міндеттемелерін орындау кезіндегі мүдделер қақтығысы фактілері анықталмады;
- өзінің материалдық мүддесін, жақын туыстарының, жекжаттарының немесе өзге де үшінші тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өзінің лауазымдық өкілеттіктерін пайдалану мәселесі анықталмады;

- шешім қабылдау кезінде жеке және заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету мәселесі жоқ;

- егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, өзінің мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларын орындағаны үшін тұлға тиісті функцияларды орындамайтын ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан ақша, қызметтер және өзге де нысандар түрінде кез келген сыйақы қабылдау мәселелері жоқ;

- заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мәселесі жоқ;

- жақын туыстарының, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлесіп жұмыс жасау мәселесі анықталмады.

**4. Тәртіптік жауапкершілік тарту:**

Есептік кезеңде мекеменің қызметшілері лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған қызметкерлер жоқ.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», Заңына сәйкес қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жиналыстар өткізіліп, хаттамалар түзілген. Әрбір қызметкерлер мен бағынысты мекемелерге заңнамалық өзгерістер түсіндіріліп, жадынама таратылып, қолхаттары алынған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бойынша көпшілікке көрінетін орында сенім жәшігі мен сенім телефоны жұмыс істеп тұр.

Жыл сайын табысы мен мүлкі туралы декларацияларды мекеме директоры уақытылы тапсыру бойынша жұмыстар ұйымдастырылған.

**5. Мемлекеттік қызметтер көрсету:**

«Ақаба-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тек коммуналдық қызметтер көрсетумен айналысады.

**6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу:**

Мекемеде Арыс қаласының белгіленген ауылдық округтерін ауыз сумен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департамент басшысының (әрі қарай - Департамент) 2024 жылғы 2 ақпандағы №8-НҚ бұйрығымен, сонымен қатар Арыс қаласының су бұру жүйесін Департаменттің 2022 жылғы 25 қарашадағы №121-НҚ бұйрығымен бекітілген қызмет көрсету арқылы тариф және тарифтік сметасымен қаржы қаражаты игеріледі.

Олар, есептілік түрлерінің, мониторинг тетіктерінің, қаржы қаражатын игеру мен бөлу рәсімдерімен қаржы қаражатын игеру бойынша есептілік түрлері пысықталған, тәуекелдерді басқару жүйесі бар, қаржы қаражаты ашық жұмсалады, сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің саны мен көлемінің олардың нақты қажеттілігіне (заттай нормаларға) сәйкес келеді және тауар бірлігіне белгіленген бағаның негізсіз болуы анықталмады.

**7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу, сондай-ақ Мемлекеттік мекемелермен жасалған қағаз нұсқадағы келісімшарттар:**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 24 маусымдағы №58 бұйрығының 6-қосымшасы негізінде жеке және заңды тұлғалармен бұқаралық-ақпарат құралдары арқылы жария шарт жасалатыны белгілі болды. Сонымен қатар:

- шарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер бар;

- осындай немесе неғұрлым тиімді талаптары бар өзге ұйымдардан ұсыныстар болған кезде, бір ұйымдармен шарттарды бірнеше рет жасасу анықталмады;

- үлестес компаниялардың болуы, контрагенттің өзіне тән емес және әртүрлі бейінді жұмыстарды орындауы анықталмады;
- контрагентке айыппұл санкцияларының болмауы не азайтылуы анықталмады;
- шарттық міндеттемелер бұзылған жағдайда санкцияларды нотариус арқылы орындау парағымен қолданылады;
- шартты орындау кезеңінде талаптарды елеулі түрде түзету жүргізілмейді.

**8. Лауазымдық нұсқаулық:**

Мекемедегі штаттық кестедегі лауазымдық нұсқаулықтар Қазақстан Республикасы заңнамаларында белгіленген тәртіппен жасалғаны белгілі болды. Лауазымдық нұсқаулықтарында азаматтың құқықтары және заң бұзушылық фактілер анықталмады.

**9. Мемлекеттік сатып алулар:**

Мекемеде мемлекеттік сатып алулар болмағаны белгілі болды.

**Ұсынымдар:**

1. Ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету және ұйымдастыру;
2. Сыбайлас-жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу;
3. Сыбайлас жемқорлықты болдырмауға қажетті шараларды қабылдау;
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету.

**Қорытынды:**

Талданып отырған кезеңде мүдделер қақтығысы деректері анықталған жоқ, қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдардың бұзушылықтары анықталған жоқ. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша лауазымды адамдардың өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауына ықпал ететін, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергілер жасауға, нормативтік құқықтық актілерді өз бетінше түсіндіруге мүмкіндік туғызатын құқықтық олқылықтар жасауға ықпал ететін факттер анықталған жоқ.

**«Ақаба-Сервис» ЖШС-нің директоры** **Н.Ақбаев**

**«Ақаба-Сервис» ЖШС-нің инженері** **А.Мирабдулла**

**«Ақаба-Сервис» ЖШС-нің шебері** **А.Елеусизов**

**«Ақаба-Сервис» ЖШС-нің есепшісі** **Қ.Молдабаева**

**«Ақаба-Сервис» ЖШС іс жүргізуші маманы** **Г.Әлімхан**